

6B01501 Математика

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Математика және математиканы оқыту әдістемесі, қазіргі заманғы педагогика және психология саласында кәсіби құзыреттілікке ие, заманауи ақпараттық технологияларды білетін, математиканың білім беру саласындағы зерттеу міндеттерін анықтау және шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді меңгерген бәсекеге қабілетті мамандар даярлау

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ


Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Білім беру бағдарламасы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру ұйымдарында математиканы оқытуға арналған. Бағдарламада орта мектепте жаңартылған білім беру

бағдарламасына сәйкес математикалық білім беруді ұйымдастыруда және жоспарлауда ІТ құралдарын қолдану ашылған.

"Педагог мәртебесі туралы" Заң аясында педагогтың еңбек жағдайлары жақсартылып, мамандықтың беделі артады. 2020 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы жыл сайын 25% - ға артып, 2023 жылға қарай 2 есе өседі. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесіне енгізілген өзгерістерге сәйкес: тәлімгерлік үшін – БҚҚ – дан 100%; сабақтан тыс спорттық сабақтарды жүргізу-БҚҚ – дан 100%; ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі-10 АЕК қосымша ақылар белгіленді. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап сынып жетекшілігі мен дәптерлерді тексеру үшін қосымша ақылар 2 есе өсті. Ынталандырудың материалдық тетіктері ретінде "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" мемлекеттік наградасы енгізілді, педагогтардың балаларына балабақшаларға бірінші кезектегі орындар беріледі. Педагог мамандығына таланттарды тарту үшін шаралар қабылданды.

Мұғалімдердің орташа айлық номиналды жалақысы білім деңгейіне және тұрғылықты жеріне байланысты айтарлықтай өзгереді. 2021 жылы орта және бастауыш білім беру жүйесіндегі мұғалімдер орташа есеппен 269,1 мың теңге, ЖОО оқытушылары – 251,8 мың теңге, орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдер – 187,3 мың теңге табыс тапты. Ең төменгі салыстыруда жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің жалақысы 245,2 мың теңгені құрайды, бұл тиісінше арнайы және жоғары білім беру педагогтеріне қарағанда 142,6 мың және 145,5 мың теңгеге артық. Осылайша, бастауыш және орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдер басқа білім деңгейлеріндегі әріптестеріне қарағанда барлық аймақтарда ең көп жалақы алады. Мысалы, Солтүстік өңірлердегі (Астана қ., Ақмола және Павлодар облыстары) педагогтар айына 300 мың теңгеден астам табыс табады. Алайда, арнайы білім беру саласындағы педагогтер ең төменгі жалақыны, атап айтқанда Маңғыстау (102,6 мың теңге) және Солтүстік Қазақстан (112,7 мың теңге) облыстарында алады. Тек Астана қаласында бастауыш және орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдер мен ЖОО оқытушылары арасында бірдей жалақы деңгейі тіркелді. Орташа айлық жалақыда, әсіресе жоғары білім беруде аймақтық алшақтық бар. Мәселен, 14 өңірдің ЖОО оқытушыларының жалақысы ҚР бойынша орташа деңгейге жетпейді. Өңірлер бөлінісінде ең жоғары жалақы Астана қаласында (343 мың теңге) және Алматы қаласында (268,8 мың теңге), ал ең төмен жалақы Қызылорда облысында (99,7 мың теңге) алынды (сурет. 1.1.11). Білім деңгейіне байланысты педагогтердің еңбегіне ақы төлеудегі мұндай айырмашылықтар өңірлер мен жекелеген жоғары оқу орындары деңгейінде оңтайлы шешімдерді іздеуді талап етеді.

Рисунок 1.1.11. Среднемесячная номинальная заработная плата одного педагогического работника по отдельным должностям в разрезе регионов, 2021 г., тыс. тенге



Сонымен қатар, 2021 жылғы жағдай бойынша мұғалімдерге қажеттілік 3 мыңнан астам адамды құрады. Орыс тілі мен әдебиеті (814), бастауыш сынып (517), математика (471), физика (161), музыка (163) мұғалімдерінің ең көп бос орындары. Бала туудың өсуімен мектептерге бірінші сынып оқушыларының рекордтық саны келеді, бұл қосымша оқу орындарын қамтамасыз етуді және алдағы жылдары жаңа мектептер салуды талап етеді. Тиісінше, мұғалімдерге деген қажеттілік одан әрі артады. Осыған байланысты Министрлік мұғалімдердің тапшылығы барынша жоғары өңірлер үшін тиісті қолдау шаралары пакетімен үздік педагогтарды тартудың арнайы бағдарламаларын әзірлейтін болады.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Математикалық модельдеу
---	-------------------------

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Гарвард университеті - 44%,

Сассекс университеті – 71%,

Ягеллоонский университеті- 63%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B01501-Математика білім беру бағдарламасының түлегі оқу және ғылыми мекемелерде, қосымша білім беру мекемелері мен оқу орталықтарында математика пәні мұғалімі болып қызмет істей алады.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B01501-Математика білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- білімдік қызмет саласында;
- ғылыми-зерттеу қызмет саласында;
- әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында.

Кәсіби құзыреттіліктер саласы 1: Білімдік қызмет саласында: - Білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруы, педагогикалық процесті жобалауы және басқаруы, педагогикалық қызметтің нәтижелерін коррекциялауы, жобалауы, диагностика жасауы; - Математикалық пәндер саласында кәсіби біліктілікті қалыптастыратын педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеруі;

Кәсіби құзыреттіліктер саласы 2: Ғылыми-зерттеу қызмет саласында: - Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып білуі; - Математика білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және қорыту; - Педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;

Кәсіби құзыреттіліктер саласы 3: Әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында: - Көпмәдениетті тұлға қалыптастыруы; - Білім алушылардың өмір сүруіне, тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсетуі;

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – жоғары математика мен математикалық білім беру бойынша жүйеленген теориялық және практикалық білімді қолдана отырып, білім беру саласында өзекті мәселелерді анықтайды және педагогикалық зерттеуді жүзеге асырады.

ОН 5 – математиканың басқа пән салаларымен пәнаралық байланысын анықтап, білім беру мақсаты мен міндеттерін айқындай отырып, тиімді оқу үдерісін жоспарлайды және жүзеге асырады.

ОН 6 – математиканың әртүрлі бөлімдері бойынша білімді интеграциялау дағдыларын қолдана отырып, математикалық модельдерін құру арқылы қолданбалы есептердің шешімін ұсынады.

ОН 7 – логикалық, сыни және жүйелі ойлау дағдыларына сүйеніп математиканың әртүрлі бөлімдері бойынша күрделілігі жоғары есептерді шығарудың әдістерін талдап, тиімдісін таңдау арқылы стандартты емес есептерді шешеді.

ОН 8 – математиканы оқыту барысында инновациялық білім беру технологияларын қолдана отырып, білім алушыларды, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды олардың шығармашылық әлеуеттері мен танымдық белсенділіктерін дамыта отырып оқу процесіне тартады.

ОН 9 – білім беру процесін жақсарту және кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында жеткен жетістіктердің нәтижесін бағалай алады және біліктілігін үнемі жетілдіріп, өзін-өзі дамытумен айналысады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН6	ОН 7	ОН 8	ОН 9
ТА1			+		+			+	+
ТА 2		+		+	+	+	+	+	+
ТА 3		+	+		+	+	+		
ТА 4	+	+		+	+		+	+	
ТА 5	+		+				+		
ТА 6	+				+			+	+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық